

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК комплеанс қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Ішкі талдау объектісінің толық атауы: Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК.

Ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 05.01.-11.02.2025 жыл.

Ішкі талдау жүргізудің негізі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және Басқарманың 2024 жылғы 6 маусымдағы №268 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдауды келесі құрамдағы қызметкерлер жүргізді:

А.Беков	Директордың міндетін атқарушы, директордың ақпараттық - технологиялар жұмысы жөніндегі орынбасары
Ф.Мустафин	Комплеанс офицер, жұмыс тобының төрағасы
Д.Сайлау	Бөлім меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі
Ж.Айтимбетов	Заңгер кеңесші
Д.Утелбаева	Кадрлар бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы:
М.Нұрымбетова:	Әлеуметтік социолог
Ж.Қодар	«Энергетика» бөлімінің меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі
Г.Алжанова	«Химия-технология» ПБК-нің жетекшісі, жұмыс тобының мүшесі
Б.Алтынова	«Электроника және ақпараттық технологиялар» ПБК-нің арнайы пән оқытушысы, жұмыс тобының мүшесі
А.Буркутбаева	«Радиоэлектроника және байланыс» ПБК-нің арнайы пән оқытушысы, жұмыс тобының мүшесі
С.Абишева	«Бағдарламалау және ақпараттық жүйелер» ПБК-нің арнайы пән оқытушысы, жұмыс тобының мүшесі
М.Мамырбекова	«Физика математика және информатика» ПБК-нің оқытушысы, жұмыс тобының мүшесі

Білім саласында сыбайлас жемқорлық мәселесі оқу орындарының тиімділігі мен білім беру сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Осы уақытқа дейін Политехникалық колледжінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның деңгейін төмендету үшін түрлі шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оған комплеанс қызметтің бақылауы, білім беру жүйесінің ашықтығы, тәртіптің қатаңдығы және білім беру процесін реформалау сияқты факторлар кіреді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: қызметкерлерді басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау; мүдделер қақтығысын реттеу; мемлекеттік қызметтер көрсету; бюджет және қаржы қаражаттың игеру және бөлу; ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік қызметтерді көрсету: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы «техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №197 бұйрығы және Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК жарғысы негізінде жүзеге асырылады. Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау 20 маусым мен 25 тамыз аралығында күндізгі оқу түріне жұмысшы және орта буын мамандарын даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. 2024 - 2025 оқу жылында күндізгі оқуға барлығы 495 студент қабылданды, Жергілікті бюджеттік негізде – 495 студент қабылданды. Ақылы негізде сыртқы бөлімге – 39 студент қабылданды. 2025 жылдың 11 ақпан күнгі мәлімет бойынша 1732 студент білім алуда. Студенттер қатарынан шыққандар саны - 9 студент, басқа оқу орнына ауысқандар саны - 9 студент, басқа оқу орнынан ауысып келгендер саны - 1 студент. Академиялық демалысқа кеткендер жоқ.

Персоналды басқару және мүдделер қақтығысын реттеу: Колледж кадрларын іріктеу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагогтер лауазымының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес регламенттелген.

№01-ж/қ және №12-ж/қ бұйрықтары негізінде 2025 жылғы 11 ақпанға дейін штат бойынша барлығы - 2 бірлік, оның ішінде мұғалімдер – 1 бірлік, электромонтер және коса атқару үшін әр түрлі жұмыстағы адам ретінді – 1 бірлік қабылданды.

Персоналды басқару және мүдделер қақтығысын реттеу барысында жаза қолдану жоқ. Мүдделер қақтығысы фактісі жоқ. Жақын туыстары (ата-аналары), балалары, бала асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері (немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілерге теңестірілетін лауазымдарға орналасу фактілеріне шағым жасау болған жоқ. Бұрын сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық, қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактісі жоқ. Жұмысқа қабылдау кезінде қажетті құжаттармен қатар соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама талап етіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері анықталған жоқ.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ, қорғаншылық пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну бойынша №07-О/ҚК санды 20.01.2025 күнгі бұйрығы және №30-О/ҚК санды 03.02.2025ж. күнгі бұйрығы негізінде жалпы 543 студентке (қаңтар айында 447 студенттің, ақпан айында 15 студенттің құжаттары College SmartNation оқу бағдарламасы арқылы қабылданды) оның ішінде 247-сі көп балалы отбасыдан шыққан студент категориясындағыларға, 296-сі әлеуметтік жағдайы/күн көрісі төмен отбасылардан шыққан студент категориясы бойынша білім алушыларға, білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларға демалыс және мейрам күндерін қоспағанда, әр күнін күндізгі рацион құнын 40%-ын, 792,34 теңге тамаққа арналған өтемақы төленді. 2025 жылдың 05 қаңтарынан бастап балалар үйінің түлектеріне әр күніне 1980,85 теңге тамаққа арналған өтемақы төленді.

Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру қызметі жөнінде 05.01-28.01.2025ж. күндері аралығында 7 білім алушының құжаттарының төлнұсқалары берілді.

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі бойынша ағымдағы жылдың қаңтар және ақпан айларында жалпы қаралған өтініштер саны 12, оның ішінде 4-і коммерциялық ұсыныс, 8-і зейнетке шығу туралы анықтама.

2025 жылдың 13.01-17.01. күндер аралығында II курс бойынша 441 студент, III курс бойынша 466 студент электронды түрде 2024 - 2025 оқу жылының I семестрін аяқтау жөнінде сессия тапсырды.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін жүргізілген шаралар: Аналитикалық зерттеулер көрсеткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралар нәтижесінде оң өзгерістер байқалған. Бұл шараларға мыналар жатады:

- **Жемқорлыққа қарсы тәртіпті енгізу:** Қазіргі уақытта парақорлықты болдырмау үшін оқу үдерісі мен емтиханды бақылауды күшейтетін арнайы ережелер мен процестер енгізілуде.
- **Емтихандарды онлайн жүйеде өткізу:** Бұл студенттер арасындағы «пара беру» мәселесін азайтуға мүмкіндік берді, өйткені емтихандардың ашықтығы мен әділдігі артты.
- **Қоғамдық бақылау мен ашықтықты арттыру:** Оқу процесіне қатысушылардың, соның ішінде студенттердің, ата-аналардың және қоғамдық ұйымдардың бақылауын қамтамасыз ету мақсатында «ашық есік» бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Оқу процесінің ашықтығы мен әділдігінің артқаны - қазіргі уақытта оқу процесінің ашықтығы мен әділдігіне ерекше көңіл бөлінді. Мысалы ақпараттық жүйелердің енгізілуі: Оқу бағдарламалары, студенттердің академиялық көрсеткіштері, тестілеу және емтихан нәтижелері туралы ақпараттар онлайн түрде жариялануда. Бұл оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтеді.

Тәртіптік кеңестер мен комиссиялар құру: Студенттер мен оқытушылар арасындағы сыбайлас жемқорлық оқиғаларын тексеретін арнайы комплеанс қызметтің құрылуы арқылы оқу орнында әділдік орнатылды.

Студенттердің құқықтық және моральдық деңгейінің артуы - студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған шаралар өткізілуде. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы лекциялар, семинарлар мен тренингтер жиі ұйымдастырылып, студенттерге өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге ерекше назар аударылады.

Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықты женудің тиімділігі - сыбайлас жемқорлықпен күресу нәтижесінде бірнеше оң өзгерістер байқалды.

Білім беру сапасының жақсаруы: Парақорлық пен заңсыздықтың азаюы оқу орнының білім беру сапасын арттыруға ықпал етті. Студенттер объективті бағалау жүйесі арқылы білім алады, ал оқытушылар өз кәсіби міндеттерін адал орындауға ұмтылады.

Қоғамдық сенімнің артуы: Колледждерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шаралар қабылданған сайын, студенттер мен қоғамда білім беру мекемелеріне деген сенім артып, оның имиджі жақсарды.

Оқу орындарының қаржылық тиімділігінің артуы: Құқықтық тәртіпті нығайту және сыбайлас жемқорлықты жою арқылы колледждер қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Бұл өз кезегінде оқу процесін жақсартуға және оқу орындарының инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген аналитикалық зерттеулер мен шаралар нәтижесінде оң нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетті. Білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту арқылы оқу орындарының беделі артып, білім беру сапасы жоғарылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Шымкент қаласы білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК 05.01-11.02.2025ж. аралығында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралар сілтемелері

Оқу орнының атауы	Сілтеме	күні
Шымкент қаласы білім басқармасының Политехникалық колледжі МКҚК	https://www.facebook.com/share/p/1FLwqUvpQp/	04.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/14EJ1uFugN/	05.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/15hQAC51Lb/	05.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1U8e5Vsc3E/	07.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1GTHNJcCAW/	06.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/18Z9Wb5vgE/	06.02.2025
	https://www.facebook.com/share/p/18fS2iFJBr/	29.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/17v9nab27e/	28.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/15iouY1PQv/	28.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1Jivq42GWV/	23.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1As7qgCuTR/	16.01.2025
	https://www.facebook.com/share/v/15s5TqTLs6/	20.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/12EFkRv6zEe/	20.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/188e68dBtr/	20.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/153NtsuZZU/	14.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/18hWvd6ZiQ/	13.01.2024
	https://www.facebook.com/share/p/1M9WDwjsJF/	15.01.2025
	https://www.facebook.com/share/v/1E2Zpqf2Yq/	15.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1YhdkWHLKc/	13.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1AA5Yp7JPq/	13.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/1BVcC5tydh/	10.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/15x9Rbqbwt/	08.01.2025
	https://www.facebook.com/share/p/129sbdRpdhp/	05.01.2025

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің білім саласындағы нормативтік - құқықтық актілерінің жана форматтағы өзгерістерін білім алушыларға, педагогтер мен ата-аналарға жүргізілетін түсіндірме жұмыстарын жетілдіру

Ескертпе:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат білім беру ұйымының ресми сайтында жарияланады.

Директордың міндетін атқарушы,
директордың ақпараттық -технологиялар
жұмысы жөніндегі орынбасары:



А.Беков

Комплеанс офицер,
жұмыс тобының төрағасы:



Ф.Мустафин

Бөлім меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі:



Д.Сайлау

Заңгер кеңесші:



Ж.Айтимбетов

Кадрлар бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы:



Д.Утелбаева

Әлеуметтік социолог:



М.Нұрымбетова

«Энергетика» бөлімінің меңгерушісі,
жұмыс тобының мүшесі:



Ж.Қодар

«Химия-технология» ПБК-нің жетекшісі,
жұмыс тобының мүшесі:



Г.Алжанова

«Электроника және ақпараттық технологиялар»
ПБК-нің арнайы пән оқытушысы,
жұмыс тобының мүшесі:



Б.Алтынова

«Радиоэлектроника және байланыс»
ПБК-нің арнайы пән оқытушысы,
жұмыс тобының мүшесі:



А.Буркутбаева

«Бағдарламалау және ақпараттық жүйелер»
ПБК-нің арнайы пән оқытушысы,
жұмыс тобының мүшесі:



С.Абишева

«Физика математика және информатика»
ПБК-нің оқытушысы, жұмыс тобының мүшесі:



М.Мамырбекова